

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Лебяжі ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 наурыздағы N 1/27 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 наурызда N 3736 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 сәуірдегі N 4/42 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 10.04.2015 N 4/42 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" N 504 Қаулысына сәйкес, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Лебяжі ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Лебяжі ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қоса ұсынылған Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Е. Сағадиев
Қ. Әлтаев*

Лебяжі аудандық мәслихатының
2014 жылғы 5 наурыздағы

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Лебяжі ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6–бабы 2–3–тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – ҮҚ).

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:
- 1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;
 - 2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Лебяжі ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;
 - 3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Павлодар облысының статистикалық органдары есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;
 - 4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;
 - 5) отбасының (азаматтық) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;
 - 6) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;
 - 7) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;
 - 8) уәкілетті орган – "Лебяжі аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
 - 9) уәкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы"

республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны – Павлодар облысы Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының Лебязі ауданының бөлімшесі;

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті ауылдық округ әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидаларда әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабында және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесі:

1) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

2) 9 мамыр - Жеңіс күні;

3) 1 қазан - Халықаралық қарттар күні;

4) қазан айының 2 жексенбісі - Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Лебязі аудандық мәслихатының 24.09.2014 N 1/36 (жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін, Павлодар облысының ЖАО бекітетін ережелері негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

8. Әлеуметтік төлемдер алуға келесі мұқтаж алушылар санаттары құқылы:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектері (бұдан әрі – ҰОС);

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері

үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда ҰОС кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі – КСРО) ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

ҰОС кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСРО ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда:

бұрынғы КСРО үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСРО Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСРО аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясындағы (бұдан әрі – ЧАЭС) апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан,

сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушы мүгедектеріне теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСРО қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСРО мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар;

ЧАЭС апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары;

Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген басқа да адамдар санаттары, атап айтқанда:

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері);

1988 - 1989 жылдардағы ЧАЭС апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда;

5) ҰОС жылдарында 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына аралығында кем дегенде 6 ай тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар және қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдерімен наградталмаған адамдар;

6) ең төмен зейнетақы және жәрдемақы алатын, зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар, атап айтқанда:

жалғызбасты және жалғыз тұратын, зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар;
80 және одан үлкен жастағы, зейнеткерлер;
төмен зейнетақы алатын зейнеткерлер;

7) мүгедектер, атап айтқанда:

бірінші, екінші топтағы мүгедектер;

18 жасқа дейінгі мүгедек балалар;

кәмелет жасқа толмаған балалары бар мүгедек әйелдер;

арбадағы мүгедектер;

8) жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен 1,5 еселі ара қатынасынан аспайтын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар;

9) жан басына шаққандағы табысы облыста белгіленген күнкөріс деңгейінен аспайтын отбасыларының облыстың жоғары оқу орындарында оқитын студенттері, жетім–балалар және ата–анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

10) аз қамтамасыз етілген азаматтар, атап айтқанда:

уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрған, жан басына шаққанда отбасының орташа табысы белгіленген күнкөріс деңгейінен аспайтын зейнеткерлік алдындағы жұмыссыздар (жасына қарай екі жыл қалғанда зейнетке шығу);

уәкілетті органда жұмыссыз ретінде есепте тұрған, жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен 1,5 еселі ара қатынасынан аспайтын жұмыссыздар;

бас бостандығынан айыру орнынан шыққан тұлғалар;

өмірдің қиын жағдайына тап болған азаматтар: өрт немесе стихиялық апат, жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен 1,5 еселі ара қатынасынан аспайтын емделуге қажетті ауыру, 1 айдан аса ұзақ ауыру, ота жасауды қажет ететін ауыру;

12 аптаға дейін жүктілігіне байланысты аудандық ауруханаға дер кезінде есепте тұрған, жан басына шаққанда отбасының орташа табысы күнкөріс деңгейінен аспайтын жүкті әйелдер;

жасанды тағаммен тамақтандыратын 1 жасқа дейінгі емізіктегі баласы бар, жан басына шаққанда отбасының орташа табысы күнкөріс деңгейінен аспайтын

отбасылар;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және мемлекеттік балалар жәрдемақысын алатын аз қамтамасыз етілген отбасылар;

11) әлеуметтік – мағыналы аурулармен ауыратын азаматтар, атап айтқанда: онкологиялық аурулармен ауыратын тұлғалар; адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы ауруымен ауыратын тұлғалар;

туберкулездің әртүрлі түрлерімен ауыратын тұлғалар.

9. Уәкілетті орган табысын есептемей көрсетеді:

1) атаулы күндер мен мерекелік күндерге біржолғы әлеуметтік көмек:

Жеңіс күніне орай:

осы Қағиданың 8-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген санаттарға – уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

осы Қағиданың 8-тармағының 4) тармақшасының екінші, үшінші абзацтарында 5) тармақшасында көрсетілген санаттарға – уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

Халықаралық қарттар күніне орай:

осы Қағиданың 8-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген санаттарға – уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне орай:

осы Қағиданың 8-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген санаттарға - уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

Халықаралық әйелдер күніне орай:

осы Қағиданың 8-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген санаттарға - уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

2) біржолғы әлеуметтік көмек:

осы Қағиданың 8-тармағының 1), 2) тармақшаларында, 4) тармақшаның екінші абзацында, 5) тармақшада, 6) тармақшаның бірінші абзацында, 7) тармақшаның бірінші абзацында, 12) тармақшада көрсетілген санаттарға жазылу компаниясы кезеңінде республикалық, облыстық және аудандық газеттерге жазылуға нақты көлемде - уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

осы Қағиданың 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санаттарға пәтерлеріне ағымдағы жөндеу жұмысын жасау үшін нақты шығынынан 500 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) аспайтын көлемде – қызмет көрсету, жұмыс жүргізу келісімшарт көшірмесінің қосымшасымен өтініші бойынша;

осы Қағиданың 8-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген санаттарға электрлі қуатты пеш орнату үшін нақты шығынынан 100 АЕК аспайтын көлемде – қызмет көрсету, жұмыс жүргізу келісімшарт көшірмесінің қосымшасымен өтініші бойынша;

осы Қағиданың 8-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген санаттарға жеке ісін ашу үшін нақты шығынынан 325 АЕК аспайтын көлемде – ұсынылған шығынның нақты көлемінің есебі және өтініші бойынша;

осы Қағиданың 8-тармағының 7) тармақшадағы бірінші абзацтағы көрсетілген санаттарға әлеуметтік көмек 17619 (он жеті мың алты жүз он тоғыз) теңге көлемінде - уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

осы Қағиданың 8-тармағының 7) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттарға қатты отын сатып алу үшін 5 АЕК көлемінде және дәрі-дәрмек сатып алу үшін 5 АЕК көлемінде – жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, тиісті медициналық мекемесінен мүгедектігін растайтын анықтама;

осы Қағиданың 8-тармағының 7) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген санаттарға пандус орнату нақты шығынынан 50 АЕК аспайтын көлемде – қызмет көрсету, жұмыс жүргізу келісімшарт көшірмесінің қосымшасымен өтініші бойынша;

осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санаттарға кәсіби даярлау және қайта даярлаудан өту үшін 4,1 АЕК көлемінде - уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санаттарға жерлеу үшін 15 АЕК көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, азаматтардың халахуал актілерін тіркеу бөлімінен қайтыс болу туралы анықтамасы немесе қайтыс болу туралы куәлігі;

осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген санаттарға 5 АЕК көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, бас бостандығынан айыру орнынан бостандыққа шыққандығы туралы анықтамасы;

осы Қағиданың 8-тармағының 11) тармақшасының бірінші, екінші абзацтарында көрсетілген санаттарға 10 АЕК көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін

растайтын құжат, сәйкес медициналық мекемеден анықтама;

3) тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

осы Қағиданың 8-тармағының 2) тармақшасының бесінші, алтыншы абзацтарында көрсетілген санаттарға электр қуаттан басқа, тұрғын коммуналдық қызмет шығындарын төлеу үшін 5 АЕК көлемінде - уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

4) ай сайынғы әлеуметтік көмек:

осы Қағиданың 8-тармағының 1) тармақшада көрсетілген санаттарға электр қуаттан басқа тұрғын коммуналдық қызмет шығындарын төлеу үшін 4 АЕК көлемінде - уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

нақты қолданылған электр қуатын төлеу үшін - уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

осы Қағиданың 8-тармағының 4) тармақшасының екінші абзацында, 5) тармақшада көрсетілген санаттарға электр қуаттан басқа, тұрғын коммуналдық қызмет шығындарын төлеу үшін 3 АЕК көлемінде - уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

осы Қағиданың 8-тармағының 7) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санаттарға мектепке дейінгі мүгедек балаларды бала-бақшада ұстау үшін төлем ақысы 3 АЕК көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, баласының мүгедектігін растайтын сәйкес медициналық мекемеден анықтама, баланың туу туралы куәлігі, мектепке дейінгі мекемеден анықтама;

осы Қағиданың 8-тармағының 7) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген санаттарына мектепке дейінгі балаларды бала-бақшада ұстау үшін төлем ақысы 3 АЕК көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, мүгедектігін растайтын сәйкес медициналық мекемеден анықтама, баланың туу туралы куәлігі, мектепке дейінгі мекемеден анықтама;

осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген санаттарға амбулаторлық емделуде өтіп жүрген 5 АЕК көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, сәйкес медициналық мекемеден анықтама.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Лебяжі аудандық

мәслихатының 24.09.2014 N 1/36 (жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі): 26.12.2014 N 3/40 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. Уәкілетті ұйым табысын есептеп көрсетеді:

1) біржолғы әлеуметтік көмек:

осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшада көрсетілген санаттарға құжаттандыруға (жеке куәлік) 1 АЕК көлемінде;

жеке қосалқы шаруашылықтарын дамыту үшін 150000 (жүз елу мың) теңге көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, тұрмыс – жағдайын тексеру актісі, ірі қара малды сатып алу жөніндегі сауда-саттық шарты, малдың ветеринарлық паспорты;

спутниктік телебағдарламаны орнату үшін нақты шығынынан 16 АЕК аспайтын көлемде – уәкілетті ұйыммен келісілген тізімі негізінде;

осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшасының төртінші, бесінші абзацтарында көрсетілген санаттарға 10 АЕК көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, тұрмыс – жағдайын тексеру актісі (аудандық арнайы комиссия шешімі бойынша), жүктілігіне байланысты есепте тұрғандығы жөнінде медициналық анықтама, ҮҚ бекітілген нысаны бойынша тұлғаның (отбасының) құрамы, осы отбасының алдыңғы тоқсанда алған табыстары туралы мәліметтері негізінде;

осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшасының жетінші абзацында көрсетілген санаттарға әлеуметтік көмек 17619 (он жеті мың алты жүз он тоғыз) теңге көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, ҮҚ бекітілген нысаны бойынша тұлғаның (отбасының) құрамы, осы отбасының алдыңғы тоқсанда алған табыстары туралы мәліметтері негізінде;

2) тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

осы Қағиданың 8-тармағының 6) тармақшада көрсетілген санаттарға электр қуаттан басқа, тұрғын коммуналдық қызмет шығындарын төлеу үшін 3 АЕК көлемінде;

осы Қағиданың 8-тармағының 9) тармақшада көрсетілген санаттарға оқу

төлем ақысын нақты төлем ақысы көлемінде мамыр және қазан айларында және ай сайынғы әлеуметтік көмек жоғары оқу орнында оқу кезеңіне жолақысына, жүріп-тұруына және тамақтануына 15235 (он бес мың екі жүз отыз бес) теңге көлемінде – жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген жеке өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, орта білімі туралы аттестат және жетімдік мәртебесін растайтын құжаттар бар болған жағдайда, білім беру қызметін көрсету туралы келісімшарт;

3) ай сайынғы әлеуметтік көмек:

осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген санаттарға 3 АЕК көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, тұрмыс – жағдайын тексеру актісі;

осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшасының бесінші абзацында көрсетілген санаттарға балалар тамағын сатып алу үшін 2 АЕК көлемінде - жеке есепшотының нөмірі екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асырушы қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат, жасанды тағаммен тамақтанатын баланың тұрғылықты жері туралы медициналық анықтама, осы отбасының алдыңғы тоқсанда алған табыстары туралы мәліметтері негізінде.

11. Осы Қағидада көрсетілген атаулы күндер мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмектің мөлшері жекелеген алушылар санаттарына облыстың ЖАО келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілетті органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

12. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін аудандық арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

13. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізімі бойынша көрсетіледі.

14. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) ҰҚ бекіткен нысанда адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

15. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

16. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күн ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

17. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша ҰҚ бекіткен нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

18. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

19. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

20. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

21. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң

қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

22. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күн ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысы негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 18 және 19–тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күн ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

23. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

24. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

25. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

27. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік–аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық–әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

29. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК